

Құжат: «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты («Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілді, 2019 жылғы 29 наурыздағы отырысының № 45/2019 хаттамасы) (23.02.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

Құжаттың күйі: қолданыста. Күні: 29.03.2019 ж.

**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының 2019 жылғы 29 наурыздағы отырысының № 45/2019 хаттамасынан үзінді.**

9-сұрақ. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын бекіту туралы (баяндамашы – Комплаенс-бақылаушы Қуанбаев Қ.О.)

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415 ІІ «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының [59-бабының 1-тармағына](#), «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Жарғысының [82-тармағының 2\) тармақшасына](#) сәйкес, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасы **ШЕШТІ**:

1. Осы хаттамаға № 6 қосымшаға сәйкес «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты бекітілсін.

2. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының 2018 жылғы 6 наурыздағы отырысының № 24/2018 хаттамасымен бекітілген «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының күші жойылды деп танылсын.

3. Бизнес иесімен – «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның комплаенс бақылаушысы анықталсын.

4. Комплаенс–бақылаушы 01.05.2019 ж. дейінгі мерзімде «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының Корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлесін.

Дауыс беру қорытындысы бойынша оң шешім қабылданды.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры»  
акционерлік қоғамы Басқармасының  
29 наурыз 2019 жылғы, № 45/2019 хаттамасы  
шешімімен  
«БЕКІТІЛДІ»

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры»  
акционерлік қоғамы  
Басқармасының  
« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2019 жылғы отырысының,  
№ \_\_\_\_\_ хаттамасына  
№ 6 қосымша

*Саясаттың бүкіл мәтіні бойынша «Комплаенс-бақылаушы», «Комплаенс-бақылаушыға», «Комплаенс-бақылаушыны», «Комплаенс-бақылаушымен», «Комплаенс-бақылаушының», «Комплаенс-бақылаушыға» деген сөздер «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының 12.12.23 ж. отырысының № 94/2023 хаттамасы шешіміне сәйкес ([ескі ред. қар.](#)) «СЖҚКҚ» аббревиатурасымен ауыстырылды.*

Құжат: «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты («Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілді, 2019 жылғы 29 наурыздағы отырысының № 45/2019 хаттамасы) (23.02.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

Құжаттың күйі: қолданыста. Күні: 29.03.2019 ж.

**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты**  
*(23.02.2024 ж. жағдай бойынша [өзгерістер мен толықтырулармен.](#))*

**Алматы қ., 2019 ж.**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты (бұдан әрі – Саясат) Қазақстан Республикасының 18.11.2015 жылғы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» № 410-V заңына (бұдан әрі - Заң), Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның (бұдан әрі - Қор) ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Осы Саясатты әзірлеу кезінде сонымен қатар осы Саясатқа [№ 1 қосымшада](#) тізбеленген құжаттарда қамтылған корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қағидалар мен нормалар қолданылды.

3. Корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты Қор қызметінде алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықты тудыратын себептер мен жағдайларды жою.

4. Корпоративтік алаяқтықпен және сыбайлас жемқорлықпен күресу мақсатына қол жеткізу келесі мәселелерді шешу арқылы жүзеге асырылады:

1) корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаларын іске асыру тетіктерін құру және енгізу;

2) Қордың іскерлік беделін қорғау мақсатында алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқару;

3) Қордың және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының және шетелдік және халықаралық құқықтың қолданыстағы нормаларының талаптарын сақтауын қамтамасыз ету.

5. Осы Саясаттың ережелері Қордың барлық қызметкерлеріне, сондай-ақ Қордың тәуелді (бақыланатын) ұйымдарына қолданылады.

Осы Саясаттың ережелері Қор шарттық қатынастарға түсетін басқа да заңды және жеке тұлғаларға қолданылуы мүмкін және мұндай талаптар Қор олармен жасасқан шарттарда бекітілуге тиіс.

*6-тармаққа «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының 06.11.20 ж. отырысының № 98/2020 хаттамасы ([ескі ред. қар.](#)) шешімімен; «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының 12.12.23 ж. отырысының № 94/202 хаттамасы шешімімен ([ескі ред. қар.](#)) өзгертулер енгізілді.*

6. Осы Саясатта келесі терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) **корпоративтік алаяқтық** – алдау немесе сенімге қиянат жасау арқылы мүлікті ұрлау немесе Қордың мүлкіне құқықты алу мақсатында Қордың қызметкері мен контрагенттері, үшінші тұлғалар қатысатын алаяқтық әрекеттер;

2) **алаяқтық әрекеттер** – Қор қызметкерлерінің, сондай-ақ басқа да жеке және/немесе заңды тұлғалардың Қор қаражаты есебінен пайда алу және/немесе материалдық және/немесе материалдық емес залал келтіру мақсатында жасаған қасақана әрекеттері немесе әрекетсіздігі;

Құжат: «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты («Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілді, 2019 жылғы 29 наурыздағы отырысының № 45/2019 хаттамасы) (23.02.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

Құжаттың күйі: қолданыста. Күні: 29.03.2019 ж.

3) **сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық** – сыбайлас жемқорлық белгілері бар, Қазақстан Республикасы заңнамасында (бұдан әрі – ҚР) әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген заңсыз кінәлі әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

4) **сыбайлас жемқорлық** - ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаларға теңестірілген тұлға болып табылатын Қор қызметкерінің жеке өзі немесе делдал арқылы өзіне немесе үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе иелену мақсатында, осы тұлғаларға жеңілдіктер мен артықшылықтар беру арқылы параға жығумен өзінің қызметтік (лауазымды) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін заңсыз пайдалануы;

5) **алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық тәуекелі** – алаяқтық әрекеттер мен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

6) **корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл** – Қор қызметкерлерінің өз өкілеттіктері шегінде алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі қызметі. алаяқтық әрекеттер мен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау, сондай-ақ алаяқтық әрекеттер мен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, анықтау және тергеу, олардың зардаптарын жою;

7) **мүдделер қақтығысы** – Қор қызметкерлерінің жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте осы тұлғалардың жеке мүдделері олардың қызметтік өкілеттіктерін тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін;

8) **лауазымды тұлға** - Қордың тұрақты, уақытша немесе арнайы уәкілеттік бойынша Қорда ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды жүзеге асыратын қызметкері, сондай-ақ сатып алуды ұйымдастыру және өткізу бойынша шешімдер қабылдауға уәкілетті не мемлекеттік бюджеттен және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан қаржыландырылатын жобаларды таңдау мен іске асыруға жауапты дербес құрылымдық бөлімшенің басшысынан төмен емес лауазымды атқаратын тұлға: Басқарма төрағасы мен мүшелері, басқарушы директор, бас бухгалтер, басқарма төрағасы кеңсесінің басшысы, Қордың облыстық филиалының директоры және осы Саясаттың 45-тармағында белгіленген тәртіпшен айқындалатын Қордың өзге де қызметкерлері;

9) **қызметкер** – Қормен еңбек қатынастарында болатын және еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын жеке тұлға, сондай-ақ азаматтық-құқықтық шарттарға (аутстаффингке) сәйкес Қорда жұмыстарды орындайтын тұлғалар;

10) **сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган** – Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыруды және іске асыруды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үйлестіруді, сондай-ақ оның алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, ашуды, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды тергеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері;

11) **СЖҚҚК** – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс қызметі – негізгі міндеті Қордың және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету болып табылатын Қордың құрылымдық бөлімшесі;

12) **контрагент** – Қор іске асыратын мемлекеттік және меншікті бағдарламаларға қатысатын заңды және жеке тұлғалар, тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді жеткізуші, жұмысқа орналасуға үміткер және Қорға мүдделі өзге де тұлғалар;

Құжат: «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты («Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілді, 2019 жылғы 29 наурыздағы отырысының № 45/2019 хаттамасы) (23.02.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

Құжаттың күіі: қолданыста. Күні: 29.03.2019 ж.

13) **үшінші тұлға** – Қормен кәсіпкерлік немесе өзге де қатынастары жоқ заңды және жеке тұлғалар.

## **2-тарау. Корпоративтік алаяқтықпен және сыбайлас жемқорлықпен күресудің негізгі қағидалары**

*7-тармаққа - «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының 12.12.23 ж. отырысының № 94/2023 хаттамасы шешімімен (ескі ред. қар.) өзгертулер енгізілді.*

7. Корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес келесі қағидалар негізінде жүзеге асырылады:

- 1) заңдылық;
- 2) Жалғыз акционердің, Қор қызметкерлері мен контрагенттерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың басымдығы;
- 3) Қор қызметіндегі барлық нысандардағы және көріністердегі алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықты болдырмау;
- 4) алаяқтық әрекеттер мен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жазадан құтылмау;
- 5) корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы тұру бойынша жүйелі және кешенді шараларды қолдану;
- 6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын басым кезекте қолдану;
- 7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте көмек көрсететін тұлғаларды қорғау және көтермелеу.

8. Қор өзінің негізгі, сондай-ақ басқа да қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықтың барлық нысандары мен көріністерінен толықтай бас тарту қағидасын ұстанады. Корпоративтік алаяқтықтың және/немесе сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністері туындаған жағдайда, келтірілген залалдың мөлшеріне қарамастан, Қор корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықпен күресу бойынша белсенді шараларды қолданады.

9. Қор лауазымдық міндеттердің үйлесімділігін ескере отырып ұйымдық құрылымды құрады және бір қызметкерге процесті іске асыру және осы процестің орындалуын бақылау/бағалау мүмкіндіктерін мүдделер қақтығысы, корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық фактілерін жасау және жасыруды барынша азайту мақсатында бір мезгілде функцияларды беруге жол бермейді.

10. Қор алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтайды, бағалайды және мерзімді түрде қайта бағалайды. Тәуекелді анықтау кезінде Қор қолда бар барлық ақпаратты ескереді.

11. Қор олардың сенімділігін және мүдделер қақтығысының болмауын қамтамасыз ету үшін іскерлік/еңбек қатынастарын бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдағанға дейін өзінің контрагенттеріне және үшінші тұлғаларға қатысты тиісті тексеруді қадағалайды.

12. Қор Қордың әрбір қызметкерінен өзінің қызметтік міндеттерін атқару кезінде Қордың мүдделерін өзінің жеке мүдделерінен жоғары қоюын және мүдделер қақтығысы болып табылатын немесе қарастырылуы мүмкін жағдайлардың туындауына жол бермеуін күтеді.

13. Қор Қор қызметкерлерін және басқа да мүдделі тұлғаларды ықтимал бұзушылықтар мен осы Саясаттың ережелерін сақтамау жағдайлары туралы күдіктері туралы хабарлауға, сондай-ақ корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қатысуға

Құжат: «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты («Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілді, 2019 жылғы 29 наурыздағы отырысының № 45/2019 хаттамасы) (23.02.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

Құжаттың күйі: қолданыста. Күні: 29.03.2019 ж.

жол бермеу және сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қарсы тұру жүйесін жетілдіру жөніндегі шараларды ұсынуға шақырады.

14. Қор қолданыстағы заңнаманың және осы Саясаттың талаптарын бұзған тұлғалар туралы қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен және шарттарда жария ету құқығын өзіне қалдырады.

### **3-тарау. Корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық түрлері**

15. Қордың өз қызметінде кездесуі мүмкін корпоративтік алаяқтық әрекеттер: Қордың қызметкерлері жүзеге асыратын ішкі және қатысушылары Қордың контрагенттері және үшінші тұлғалар болып табылатын сыртқы болуы мүмкін.

*16-тармаққа - «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының 12.12.23 ж. отырысының № 94/2023 хаттамасы шешімімен (ескі ред. қар.) өзгертулер енгізілді.*

16. Корпоративтік алаяқтық келесі түрлерге жіктеледі:

1) қаржылық есептілікті және қаржылық емес көрсеткіштерді бұрмалау - заңнамалық актілерде, қаржылық есептілікті жасаудың қағидалары мен ережелерінде, стандарттарында белгіленген көрсеткіштерді әдейі бұрмалау және (немесе) ішкі және сыртқы ақпаратты пайдаланушыларды өзі және/немесе үшінші тұлғалар үшін экономикалық және/немесе басқа да пайда алу мақсатында жаңылыстыру үшін қаржылық есептіліктен ақпаратты ашып көрсету;

2) активтерді мақсатсыз пайдалану/игеру/ұрлау – Қордың қаражатын, негізгі құралдарын және тауарлық-материалдық құндылықтарын ұрлау және мақсатсыз пайдалану;

3) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар.

*17-тармаққа - «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының 23.02.24ж. отырысының № 15/2024 хаттамасы шешімімен (ескі ред. қар.) өзгертулер енгізілді.*

17. Қордағы корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықтың туындауына әсер ететін негізгі факторлар:

1) тиімсіз ұйымдық құрылым мен кадр саясаты;

2) қызметкерлер арасындағы корпоративтік мәдениеттің төмендігі;

3) нормативтік құқықтық базаның сапасыздығы және ішкі құжаттардың қолданыстағы құқықтық нормаларға және Қордың іскерлік этикасына сәйкес келмеуі;

4) ең алдымен қаржылық нәтижелерге қол жеткізуге негізделген қызметкерлерді ынталандыру;

5) көрсетілетін қызметтердің, сатып алу процестерінің және Қор мүлкін сатудың ашық еместігі;

6) ішкі бақылау жүйесінің тиімсіздігі;

7) қызметкерлермен/қызметкерлер арасындағы қарым-қатынастың төмен деңгейі;

8) комплеанс бақылау және Қауіпсіздік департаменті функцияларын ресурстармен жеткіліксіз қамтамасыз ету.

18. Қор қызметінде алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшырайтын негізгі салалар:

- шағын және орта бизнес субъектілерін қаржылық қолдау бағдарламаларын іске асыру;

- кадрларды таңдау және жалдау;

- тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді сатып алу немесе Қор мүлкін сату.

Құжат: «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты («Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілді, 2019 жылғы 29 наурыздағы отырысының № 45/2019 хаттамасы) (23.02.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

Құжаттың күйі: қолданыста. Күні: 29.03.2019 ж.

#### 4-тарау. Алаяқтық және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқару

19. Алаяқтық және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқару келесі кезеңдерден тұрады:

- алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бақылау;
- алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау (сәйкестендіру);
- алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау және бағалау;
- алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою шараларын әзірлеу.

20. *Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің мониторингі* Қор қызметіндегі тәуекелдің осы түрін, яғни Қор қызметкерлерінің алаяқтық әрекеттеріне және сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін жағдайлары мен факторларын анықтауға, талдауға және бағалауға бағытталған және қолданыстағы шараларды қабылдаудың көзі ретінде қызмет етуі тиіс. Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің мониторингі келесі бағыттарды қамтиды:

- алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар Қор қызметінің жекелеген бағыттарын талдау, оның ішінде Қордың ішкі құжаттарына сараптама жасау;

- Қор қызметкерлерінің осы Саясаттың ережелерін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен шектеулерді сақтауын бақылау;

- Қор қызметіндегі алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық фактілерін анықтау үшін Қордың қызметкерлері мен контрагенттерінің, үшінші тұлғалардың сұрау салуларына талдау жасау;

- Бұқаралық ақпарат құралдарын талдау және т.б.

21. *Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау (сәйкестендіру)* Қордың алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық әрекеттерін тудыруы мүмкін тәуекелдердің осы түрлерінің ықпалына ұшырауын анықтаудан тұрады. Анықталған оқиғалар мен алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық тәуекелдері комплаенс-тәуекелдер тізілімі түрінде жүйеленеді және олардың алдын алуға/азайтуға бағытталған тиісті іс-шаралармен (шаралармен) толықтырылады.

22. *Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау және бағалау.* Қор өзінің әлеуетті осал бизнес-процестеріне тән алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтайды, бағалайды (өзін-өзі бағалауды) және мерзімді түрде қайта бағалайды. Тәуекелдерді анықтау және бағалау кезінде Қор бағалау және қайта бағалау кезінде қолда бар инвестициялық және стратегиялық ақпаратты қоса алғанда, Қордың қызметі мен жоспарлары туралы ақпараттың барлық толықтығын ескереді.

23. Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі іс-шараларды әзірлеу. Бұл кезеңде алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықтың әрбір тәуекелі үшін тәуекелдің ықтималдығын және оның салдарын азайтуға қажетті шаралар анықталады.

24. Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің деңгейі олардың туындау ықтималдығының дәрежесін және Қор қызметіне әсер ету дәрежесін (маңыздылығын) ескере отырып жүзеге асырылады:

Жоғары	Қылмыстық жауаптылық көзделген алаяқтық әрекеттер мен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың түрлері: - иемдену немесе жымқыру, яғни сеніп тапсырылған мүлікті ұрлау; - алаяқтық, яғни алдау немесе сенімге қиянат жасау арқылы бөтеннің мүлкін ұрлау немесе бөтеннің мүлкіне құқықтарды алу;
--------	---

Құжат: «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты («Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілді, 2019 жылғы 29 наурыздағы отырысының № 45/2019 хаттамасы) (23.02.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

Құжаттың күйі: қолданыста. Күні: 29.03.2019 ж.

<ul style="list-style-type: none"><li>- нақты жұмыстарды орындамай, қызметтерді көрсетпей, тауарларды жөнелтпей шот-фактураны ресімдеу бойынша әрекеттерді орындау;</li><li>- қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті заңдастыру (жылыстату);</li><li>- заңды тұлғаның үлесіне меншік құқығын заңсыз иемдену (рейдерлік);</li><li>- лауазымды тұлғаның өзіне немесе басқа тұлғаларға немесе ұйымдарға пайдалар мен артықшылықтар алу мақсатында қызмет мүдделеріне қайшы келетін қызметтік өкілеттіктерін теріс пайдалануы немесе басқа тұлғаларға немесе ұйымдарға зиян келтіруі, егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне немесе қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіруге* әкеп соқса;</li><li>- билікті немесе лауазымдық өкілеттікті асыра пайдалану, яғни лауазымды тұлғаның өз құқықтары мен өкілеттіктерінің шегінен анық шығатын және азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне немесе қоғам немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіруге* әкеп соғатын әрекеттерді жасауы;</li><li>- кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу - заңда белгіленген тыйымға қарамастан кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымды лауазымды тұлғаның құруы не мұндай ұйымды басқаруға жеке өзі немесе сенімхат арқылы қатысуы;</li><li>- егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне немесе қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіруге* әкеп соқса, өзіне немесе басқа тұлғаларға немесе ұйымдарға пайдалар мен артықшылықтар алу немесе басқа тұлғаларға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында қызметтік өкілеттіктерді қызмет мүдделеріне қайшы пайдаланумен ұйымдық-құқықтық нысанына немесе меншік нысанына қарамастан дара кәсіпкердің немесе коммерциялық ұйымның құқықтары мен заңды мүдделерін шектеу, сол сияқты дербестігін шектеу немесе дара кәсіпкердің немесе коммерциялық ұйымның қызметіне өзге де заңсыз араласу;</li><li>- егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) осы тұлғаның лауазымдық өкілеттіктеріне кірсе немесе ол өзінің қызметтік жағдайы бойынша мұндай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал ете алса, сол сияқты жалпы қамқорлық немесе келісім үшін, лауазымды тұлғаның жеке өзі немесе делдал арқылы пара берушінің немесе ол өкілдік ететін тұлғалардың пайдасына әрекеті (әрекетсіздігі) үшін өзі немесе басқа тұлғалар үшін ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүлік, мүлікке құқықтар немесе мүліктік сипаттағы игіліктер түрінде пара алуы;</li><li>- Қордың, шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды тұлғасына жеке өзі немесе делдал арқылы пара беру;</li><li>- пара алуда делдалдық, яғни пара алушы мен пара берушінің арасында пара алу және беру туралы келісімге келуге немесе жүзеге асыруға көмектесу;</li><li>- егер бұл әрекеттер өзіне немесе басқа тұлғаларға немесе ұйымдарға пайда мен артықшылықтар алу немесе басқа тұлғаларға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында жасалса, қызметтік жалғандық, яғни лауазымды тұлғаның ресми құжаттарға көрінеу жалған мәліметтер енгізуі немесе аталған құжаттарға олардың нақты мазмұнын бұрмалайтын түзетулер енгізуі не көрінеу жалған немесе жалған құжаттарды беру;</li></ul>
--

Құжат: «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты («Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілді, 2019 жылғы 29 наурыздағы отырысының № 45/2019 хаттамасы) (23.02.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

Құжаттың күйі: қолданыста. Күні: 29.03.2019 ж.

	<p>- егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін немесе қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соқса, қызметтегі әрекетсіздік, яғни лауазымды тұлғаның өзіне немесе басқа тұлғаларға немесе ұйымдарға пайдалар мен артықшылықтар алу мақсатында өзінің қызметтік міндеттерін орындамауы немесе басқа тұлғаларға немесе ұйымдарға зиян келтіру:</p> <p>- егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне немесе қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіруге* әкеп соқса, немқұрайлылық, яғни лауазымды тұлғаның қызметке адал емес немесе немқұрайлы қарауы салдарынан өз міндеттерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы.</p>
Орташа	<p>Егер бұл әрекеттерде қылмыстық құқық бұзушылық белгілері болмаса әкімшілік жауапкершілік көзделген алаяқтық әрекеттер мен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың түрлері:</p> <p>- жеке тұлғалардың лауазымды тұлғаларға заңсыз материалдық сыйақылар, сыйлықтар, жеңілдіктер немесе қызметтер көрсетуі;</p> <p>- егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) тұлғаның лауазымдық өкілеттіктеріне жататын болса тұлғалардың пайдасына жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін лауазымды тұлғаның жеке өзі немесе делдал арқылы заңсыз материалдық сыйақы, сыйлықтар, жеңілдіктер немесе қызмет көрсетулерді алуы;</p> <p>- заңды тұлғалардың лауазымды тұлғаларға заңсыз материалдық сыйақылар, сыйлықтар, жеңілдіктер немесе қызметтер көрсетуі;</p> <p>- бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған тұлғаларды жұмысқа қабылдау.</p>
Төмен	<p>Басқа тұлғаларға немесе ұйымдарға немесе қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіруге әкеп соқпаған, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік көзделмеген осы Саясаттың ережелерін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен шектеулерді бұзу.</p>

\*елеулі зиян – тұлға мен азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін бұзу; елеулі зиян келтіру; зардап шеккен тұлға үшін қиын өмірлік жағдайдың туындауы; ұйымдардың немесе мемлекеттік органдардың қалыпты жұмысын бұзу; келтірілген зиянның маңызын көрсететін басқа да салдарлар

25. Олар туындаған және (немесе) бекітілген шаралар жеткіліксіз болған жағдайда тәуекелдерді басқаруды жою/азайту және бақылау жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленетін, ал оларды жою мүмкін болмаған жағдайда оларды бақылау және тиімді басқару әдістері мен тәсілдері анықталатын жоғары және орташа деңгейдегі алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық тәуекелін Қор елеулі деп таниды.

*26-тармақ «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының 12.12.23 ж. отырысының № 94/2023 хаттамасы шешімі (ескі ред. қар.) редакциясында жазылған.*

26. СЖҚКҚ Қордың Басқармасына, Директорлар кеңесінің Тәуекелдерді басқару және аудит жөніндегі комитетіне, Директорлар кеңесіне корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесінің жай-күйі туралы СЖҚКҚ қызметі жөніндегі есеп шеңберінде тоқсан сайын ақпарат береді.



Құжат: «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты («Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілді, 2019 жылғы 29 наурыздағы отырысының № 45/2019 хаттамасы) (23.02.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

Құжаттың күйі: қолданыста. Күні: 29.03.2019 ж.

## **5-тарау. Корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі негізгі шаралар**

27. Корпоративтік алаяқтықпен және сыбайлас жемқорлықпен күресу шаралары мыналарды қамтиды:

1) қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың және Қордың ішкі құжаттарының талаптарын сақтау бойынша, сондай-ақ алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы тұру мәселелері бойынша профилактикалық, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

2) қызметкерлердің алаяқтық және/немесе сыбайлас жемқорлық әрекеттерге тартылу тәуекелдерін уақтылы болжау және барынша азайту;

3) алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықтың кез келген нысандары мен көріністерінің алдын алу, анықтау және жолын кесу;

4) алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің салдарын және/немесе әрекеттерін жою;

5) алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі ішкі құжаттарды, ұйымдастырушылық шаралар мен рәсімдерді әзірлеу, енгізу және қолдану;

6) ұжымда келеңсіз процестердің туындауын болдырмауға және қызметкерлер тарапынан заңсыз әрекеттерді болдырмауға бағытталған профилактикалық іс-шараларды жүзеге асыру;

7) жұмысқа қабылдау кезінде кандидаттарға қатысты тексеру іс-шараларын жүргізу және қабылданғандар арасындағы ықтимал мүдделер қақтығысын анықтау, қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық тәуекелімен байланысты лауазымдарға тағайындау, оларды алдын ала/уақтылы шешу;

8) Қор қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасында және осы Саясатта белгіленген шектеулерді, тыйым салуларды және міндеттемелерді сақтауын бақылау;

9) қабылданған ішкі және ұйымдық-өкімдік құжаттарды оларда алаяқтық немесе сыбайлас жемқорлық әрекеттерге қатысу үшін алғышарттар жасайтын ережелердің бар-жоқтығын және қажет болған жағдайда тиісті алдын алу шараларын көрсететінін анықтау үшін сараптама жүргізу;

10) іскерлік қатынастарды орнатқанға дейін Қордың контрагенттеріне және үшінші тұлғаларға олардың Қор қызметкерлеріне қатыстылығына және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға қатысына кешенді тексеру жүргізу;

11) бизнес-үдерістердің тұрақты мониторингін, ықтимал осалдықтарды талдауды, алаяқтық әрекеттер мен сыбайлас жемқорлық көріністерінің тәуекелдерін барынша азайту үшін барабар шараларды ұйымдастыру және қабылдау бойынша ұсынымдар мен ұсыныстарды дайындау;

12) Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарымен олардың алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, қылмыстың алдын алу және алдын алу жөніндегі қызметін үйлестіру мақсатында практикалық өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

13) ішкі бақылау жүйесінің, атап айтқанда, бухгалтерлік және басқарушылық есеп жүйесінің тиімділігіне тұрақты сыртқы және ішкі аудиттер жүргізу, сондай-ақ құрылымдық бөлімшелердің заңнама талаптарын, халықаралық стандарттарды және Қордың ішкі құжаттарын сақтауын бақылау;

Құжат: «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты («Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілді, 2019 жылғы 29 наурыздағы отырысының № 45/2019 хаттамасы) (23.02.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

Құжаттың күйі: қолданыста. Күні: 29.03.2019 ж.

14) Қор қызметкерлерінен және контрагенттер өкілдерінен алаяқтық әрекеттер мен сыбайлас жемқорлық белгілері туралы ақпарат алу үшін байланыс арналарын («жедел желі», арнайы электрондық пошта және т.б.) ұйымдастыру;

15) корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілері туралы хабарлаған немесе алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзге де жолмен көмек көрсететін тұлғаларды ақшалай сыйақылар, грамоталар немесе алғыс хаттар түрінде көтермелеу;

16) үлгі мәтіні осы Саясаттың [2-қосымшасын](#)ла келтірілген Қор жасасатын сатып алулар туралы шарттарға және мүлікті сатып алу-сату шарттарына сыбайлас жемқорлыққа қарсы тескертпені енгізу;

17) корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықтың ықтимал жағдайлары бойынша ішкі аудит жүргізу.

28. Корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы Қордың ішкі құжаттарында (рәсімдерінде), алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою/төмендету және бақылау жөніндегі іс-шаралар жоспарында қосымша шаралар қолданылуы мүмкін.

*29-тармақ «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының 12.12.23 ж. отырысының № 94/2023 хаттамасы шешімі (ескі ред. қар.) редакциясында жазылған.*

29. Қор Заңның нормаларына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектісі ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы келесі шараларды қолданады:

- 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг;
- 2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру;
- 3) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау;
- 4) [сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды](#) қалыптастыру және сақтау;
- 5) қаржылық бақылау;
- 6) лауазымды тұлғаларға сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер;
- 7) мүдделер қақтығысының алдын алу және шешу;
- 8) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлау.
- 9) қаржылық бақылау;

10) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға Қорда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша атқарылған жұмыстар туралы есептерді ұсыну.

## **6-тарау. Корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын қолдану**

30. Корпоративтік алаяқтықпен күресу шаралары осы Саясаттың [5-тарауымен](#) және Қордың басқа да ішкі құжаттарымен (рәсімдерімен) белгіленген тәуекелдерге шамалас түрде қолданылады.

31. Қор халықаралық стандарттарды пайдалана отырып, Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының нормаларына сәйкес сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады. *32-тармақ «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының 12.12.23 ж. отырысының № 94/2023 хаттамасы шешімі (ескі ред. қар.) редакциясында жазылған.*

32. Қорда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану тәжірибесінің жай-күйі, сондай-ақ қоғам тарапынан сыбайлас жемқорлық деңгейін

Құжат: «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты («Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілді, 2019 жылғы 29 наурыздағы отырысының № 45/2019 хаттамасы) (23.02.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

Құжаттың күйі: қолданыста. Күні: 29.03.2019 ж.

қабылдау және бағалау туралы ақпаратты жинау, өңдеу, жинақтау, талдау және бағалау арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану тәжірибесін бағалау мақсатында жүзеге асырылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдарды, Қордың Ішкі аудит қызметінің есептерін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін зерделеу арқылы тоқсан сайын СЖҚКК жүзеге асырады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу үшін негіз бола алады.

*33-тармақ «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының 12.12.23ж. отырысының № 94/2023 хаттамасы шешімі (ескі ред. қар.) редакциясында жазылған.*

33. Қордың сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау (ішкі және сыртқы) (бұдан әрі – Талдау) – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдауды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіпшен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган жүргізеді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісі Қордың құрылымдық бөлімшесінің (бұдан әрі – талдау объектісі) қызметі болып табылады. Талдау объектісі жүзеге асыратын функциялардың санына және оның штаттық деңгейіне, сыбайлас жемқорлықтың ішкі талдауына байланысты тәуекелдерді СЖҚКК немесе Қор Басқарма Төрағасының бұйрығына сәйкес арнайы құрылған жұмыс тобы СЖҚКК басшысының келесі бағыттар бойынша Талдау жүргізу қажеттілігін негіздейтін жазбасы негізінде жүзеге асырады:

1) Қордың қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) персоналды басқару, мүдделер қақтығысын шешу, мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру және ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын басқа да мәселелер бойынша Қор қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

*34-тармаққа - «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының 13.09.19 ж. отырысының № 124/2019 хаттамасы шешімімен (ескі ред. қар.) өзгертулер енгізілді.*

34. Осы Саясатқа № 3 қосымшаға сәйкес, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында Қор белгіленген ережелерді мүлтіксіз сақтауға және сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірледі.

Қор қызметкерлерінен сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттармен танысу және оларды сақтау талап етіледі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл стандарттарын сақтамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қор қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қордың ішкі құжаттарына сәйкес жауапты болады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл стандарттарының сақталуын бақылау Қордың тиісті құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына жүктеледі.

35. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен алаяқтық фактілерінің профилактикасы, алдын алу немесе анықтау мақсатында Қордың қызметкерлері мен контрагенттері, үшінші тұлғалар құпиялылықты қамтамасыз ететін келесі байланыс арналарының кез келгені арқылы хабарлай алады:

1) Қордың <https://damu.kz/feedback/> интернет-ресурсында нысанды толтыру арқылы «Кері байланыс»;

2) [senim@fund.kz](mailto:senim@fund.kz) электрондық пошта мекенжайына;

3) сенім телефондарына: +7(727) 244 82 71 немесе 1408 бірыңғай байланыс орталығы;

Құжат: «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты («Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілді, 2019 жылғы 29 наурыздағы отырысының № 45/2019 хаттамасы) (23.02.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

Құжаттың күіі: қолданыста. Күні: 29.03.2019 ж.

4) пошталық мекенжайға: АО5С9У3, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Гоголь көшесі, 111.

*36-тармақ «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының 13.09.19 ж. отырысының № 124/2019 хаттамасы шешімі (ескі ред. қар.) редакциясында жазылған; «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының 12.12.23 ж. отырысының № 94/2023 хаттамасы шешімімен (ескі ред. қар.) өзгертулер енгізілді.*

36. Қор қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін дамыту мақсатында СЖҚКҚ Қауіпсіздік департаментімен бірлесіп қызметкерлерді корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша дайындау және оқыту бағдарламасын іске асыруда (Саясатқа [№ 5 қосымша](#)).

## 7-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер

*37-тармаққа- «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының 06.11.20 ж. отырысының № 98/2020 хаттамасы шешімімен (ескі ред. қар.) өзгертулер енгізілді*

37. Қордың лауазымды тұлғаларының өз өкілеттіктерін жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделер үшін пайдалануға әкеп соғуы мүмкін әрекеттерді болдырмау мақсатында бұл тұлғалар өздеріне келесілер бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдайды:

1) Қорда функционалдық міндеттерді орындаумен үйлеспейтін қызметті жүзеге асыру;

2) жақын туыстарының, ерлі-зайыптылардың және жекжаттардың бірлескен қызметіне (жұмысына) жол бермеу;

3) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе илену мақсатында ресми таратуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану;

4) егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) тұлғалардың лауазымдық өкілеттіктеріне жататын болса немесе бұл тұлғалар өздерінің қызметтік жағдайы бойынша мұндай әрекеттерге (әрекетсіздіктерге) ықпал ете алатын болса, оларды берген тұлғалардың пайдасына іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін материалдық сыйақы, сыйлықтар немесе қызмет көрсетулер қабылдау.

Қордың лауазымды тұлғаларының осы Саясаттың ережелерімен танысуға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауға келісімін Қордың персоналды дамыту бөлімшесі осы Саясатқа 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметке кіріскенге дейін тіркейді.

Қордың лауазымды тұлғаларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдамауы жұмысқа қабылдаудан бас тартуға немесе қызметтен босатуға әкеп соғады, қылмыстық құқық бұзушылық немесе әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болмаған жағдайларда оларды сақтамау өкілеттіктерді тоқтатуға негіз болып табылады.

*Саясат 37-1-тармақпен толықтырылды - «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының 06.11.20 ж. отырысының № 98/2020 хаттамасы шешіміне сәйкес.*

37-1. Егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) осы тұлғаның лауазымдық өкілеттіктеріне жататын болса немесе ол өзінің қызметтік жағдайы бойынша мұндай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал ете алатын болса, Қордың лауазымды тұлғасының отбасы мүшелерінің материалдық сыйақы, сыйлықтар немесе осы тұлғаның материалдық сыйақы, сыйлықтар немесе қызмет көрсеткен тұлғалардың пайдасына жасаған әрекеті (әрекетсіздігі) үшін көрсетілген қызметтерді алуға құқығы жоқ.

Құжат: «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты («Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілді, 2019 жылғы 29 наурыздағы отырысының № 45/2019 хаттамасы) (23.02.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

Құжаттың күйі: қолданыста. Күні: 29.03.2019 ж.

Ескерту: Қор лауазымды тұлғасының отбасы мүшелері деп оның жұбайы, ата-анасы, балалары, оның ішінде ересектер және онымен тұрақты тұратын асырауындағы тұлғалар түсініледі».

*Саясат 37-2-тармақпен толықтырылды - «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының 06.11.20 ж. отырысының № 98/2020 хаттамасы шешіміне сәйкес.*

37-2. Қордың лауазымды тұлғаның отбасы мүшелерінің материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе көрсетілетін қызметтерді, Қордың лауазымды тұлғаларының және олардың отбасы мүшелерінің шотына олардың хабарсыз түскен 37-2. Ақшасын, сондай-ақ лауазымды тұлғаның отбасы мүшелері олар анықталған күннен бастап екі аптадан кешіктірмей тиісті органға мемлекеттік кірістердің түсімінің мән-жайлары туралы түсініктеме ұсына отырып, республикалық бюджетке аударылуға жататын Саясаттың 37-тармағының 4) тармақшасын және 7-тарауының 37-1-тармағын бұза отырып алған қаражатты алуға құқығы жоқ.

Қордың лауазымды тұлғаларына және (немесе) олардың отбасы мүшелеріне хабарсыз алынған, сондай-ақ олар Саясаттың 7-тарауының 37-тармағының 4) тармақшасын және 37-1-тармағын бұза отырып алған сыйлықтар сыйлықты алған күннен бастап немесе Қордың лауазымды тұлғасына сыйлықтың және көрсетілген тұлғаларға көрсетілген қызметтердің қабылданғаны туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға өтеусіз қайтарылуға жатады және осы тұлғаларға дәл сол мән-жайларда көрсетілген қызметтер қызмет көрсетілген күннен бастап немесе Қордың лауазымды тұлғасына көрсетілген қызмет туралы хабардар болған күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде республикалық бюджетке ақша аудару арқылы төленуге тиіс.

Сыйлықты мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға өткізген Қордың лауазымды тұлғасы жоғары тұрған лауазымды тұлғаны хабардар ете отырып, оны Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі заңына сәйкес айқындалатын құн бойынша мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органмен жасалған сатып алу-сату шартының негізінде сатып алуға құқылы. Қазақстан Республикасының Сыйлықтарды сатудан түскен қаражат республикалық бюджетке аударылады.

Лауазымды тұлғалар сыйлықтарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде СЖҚҚҚ-ны алғаны туралы хабардар етуге міндетті.

38. Қордың лауазымды тұлғаларына тыйым салынады:

1) егер шаруашылық жүргізуші субъектіні басқару немесе басқаруға қатысу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың қызметтік міндеттеріне кірмейтін болса, шаруашылық жүргізуші субъектіні басқаруға дербес қатысуға, мүліктік немесе өзге де игіліктер алу мақсатында олардың лауазымдық өкілеттіктерін заңсыз пайдалану арқылы ұйымдардың немесе жеке тұлғалардың материалдық мүдделерін қанағаттандыруға ықпал етуге;

2) ашық және интервалдық пайлық инвестициялық қорлардың акцияларын, ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногындағы облигацияларды, ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногындағы коммерциялық ұйымдардың акцияларын (ұйымдардың дауыс беретін акцияларының жалпы санының бес пайызынан аспайтын мөлшердегі жай акциялар) сатып алуды және (немесе) сатуды қоспағанда, кәсіпкерлік қызметпен айналысу;

3) оқытушылық, ғылыми және өзге де шығармашылық қызметтен басқа ақылы қызметпен айналысу.

39. Қордың лауазымды тұлғалары өздеріне меншік құқығымен тиесілі тұрғын үйді жалға беруге және мұндай жалға беруден табыс алуға құқылы.

Құжат: «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты («Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілді, 2019 жылғы 29 наурыздағы отырысының № 45/2019 хаттамасы) (23.02.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

Құжаттың күйі: қолданыста. Күні: 29.03.2019 ж.

40. Қордың лауазымды тұлғалары қызметке кіріскен күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде өздеріне тиесілі осы тұлғаларға заңды түрде тиесілі ақшаны, облигацияларды, ашық және интервалдық пайлық инвестициялық қорлардың үлестерін, сондай-ақ мүліктік жалдауға берілген мүлікті қоспағанда, пайдаланылуы кіріс алуға әкеп соғатын мүлікті осы функцияларды жүзеге асыру мерзіміне Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген тәртіппен сенімгерлік басқаруға беруге міндетті.

41. Мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты нотариалды куәландырылуға жатады .

*42-тармақ «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының 12.12.23 ж. отырысының № 94/2023 хаттамасы шешімі (ескі ред. қар.) редакциясында жазылған;*

42. Облигацияларды, ашық және интервалдық пайлық инвестициялық қорлардың пайларын қоспағанда, коммерциялық ұйымдардың акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) және пайдалануы табыс алуға әкеп соғатын өзге де мүлікті сатып алған жағдайда, лауазымды тұлғалар Қор оларды сатып алған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сенімгерлік басқаруға беруге, Қор шарт нотариалды куәландырылғаннан кейін он жұмыс күні ішінде мүлікті сенімгерлікпен басқару шартының нотариат куәландырған көшірмесін кадрлар бөліміне ұсынуға міндетті.

43. Қордың лауазымды тұлғаларының осы Саясаттың 41-тармағында көзделген міндеттемені орындамауы олардың тиісті өкілеттіктерін тоқтатуға негіз болып табылады.

*44-тармаққа «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының 06.11.20 ж. отырысының № 98/2020 хаттамасы шешімімен (ескі ред. қар.); «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының 12.12.23 ж. отырысының № 94/2023 хаттамасы шешімімен өзгерістер енгізілді.*

44. Қордың лауазымды тұлғалары өздерінің жақын туыстары, жұбайы және (немесе) туыстары атқаратын лауазымдарға тікелей бағынатын, сондай-ақ оларға тікелей бағынатын жақын туыстары, жұбайы және (немесе) туыстары бар лауазымдарды атқара алмайды.

Саясаттың осы тармағының талаптарын бұзған Қордың лауазымды тұлғалары, егер олар көрсетілген бұзушылық анықталған кезден бастап үш ай ішінде оны өз еркімен жоймаса, мұндай бағыныстылықты болдырмайтын лауазымдарға ауыстырылуға жатады, ал егер мұндай ауыстыру мүмкін болмаса, осы қызметкерлердің біреуі қызметінен босатылуға немесе басқа түрде осы функциялардан босатылуға жатады.

Жақын туыстар деп ерлі-зайыптылардың ата-анасы, балалары, асырап алушылары, асырап алынғандар, толық және туған туыстары, ата-әжесі, немерелері, жекжаттары - аға-інілері, апа-сіңлілері, ата-аналары және балалары түсініледі.

*Саясат 44-1-тармақпен толықтырылды - «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының 06.11.20 ж. отырысының № 98/2020 хаттамасы шешімімен*

44-1. Қордағы лауазымға үміткер тұлғалар осы ұйымда жұмыс істейтін жақын туыстары, жұбайлары және (немесе) туыстары туралы Қор басшылығына жазбаша хабарлауға міндетті.

*45-тармақ - «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының 23.02.24 ж. отырысының № 15/2024 хаттамасы шешімі (ескі ред. қар.) редакциясында жазылған;*

45. Қорда ұйымдастыру-әкімшілік немесе әкімшілік функцияларды жүзеге асыратын және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормалары қолданылатын лауазымды тұлғалардың тізбесі Басқарма төрағасының бұйрығымен белгіленеді. Лауазымды тұлғалардың тізбесін және оған енгізілген өзгерістерді/толықтыруларды персоналды дамыту бөлімі дайындайды және СЖҚҚҚ және Қорды қамтамасыз ету департаментіне бекітуге жібереді.

Құжат: «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты («Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілді, 2019 жылғы 29 наурыздағы отырысының № 45/2019 хаттамасы) (23.02.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

Құжаттың күйі: қолданыста. Күні: 29.03.2019 ж.

*46-тармақ «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының 12.12.23 ж. отырысының № 94/2023 хаттамасы шешімі (ескі ред. қар.) редакциясында жазылған;*

46. Тізімде көрсетілген лауазымға кандидат болып табылатын тұлға және оның жұбайы (зайыбы) Қордың лауазымға тағайындау туралы актісі берілгенге дейін (айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша) активтері мен міндеттемелері туралы декларацияны ұсынады.

*Саясат 46-1-тармақпен толықтырылды - «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының 12.12.23 ж. отырысының № 94/2023 хаттамасы шешімімен*

46-1. Мүліктер мен міндеттемелер туралы декларацияны, кірістер мен мүлік туралы декларацияны тапсырған тұлғалар Қорға оның декларацияларды қабылдағанын растайтын салық органының анықтамасын ұсынады.

47. Қордың лауазымды тұлғаларына өз атынан емес, жалған тұлғаларды, жасырын, бүркеншік атпен және басқаларды пайдалана отырып, азаматтық-құқықтық мәмілелерді жасауға тыйым салынады. Бұл мәмілелер заңда белгіленген тәртіппен жарамсыз деп танылады.

48. Мүдделер қақтығысы болған жағдайда Қордың лауазымды тұлғаларына қызметтік міндеттерін орындауға тыйым салынады. Қордың лауазымды тұлғалары мүдделер қақтығысының алдын алу және шешу бойынша шаралар қабылдауға міндетті. Қордың лауазымды тұлғалары мүдделер қақтығысы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы өздеріне белгілі болған бойда жазбаша түрде тікелей басшысын хабардар етуге міндетті.

Қордың Директорлар кеңесінің төрағасы немесе басқарма төрағасы лауазымды тұлғалардың сұрау салулары бойынша немесе басқа көздерден ақпарат алған кезде мүдделер қақтығысының алдын алу және шешу бойынша жедел түрде келесі шараларды қабылдауға міндетті:

1) мүдделер қақтығысын анықтаған лауазымды тұлғаларды қызметтік міндеттерін орындаудан шеттету және мүдделер қақтығысы туындаған немесе туындауы мүмкін мәселе бойынша қызметтік міндеттерді орындауды басқа тұлғаға жүктеуге;

2) лауазымдық міндеттерін өзгертуге;

3) мүдделер қақтығысын жою бойынша өзге де шараларды қабылдауға.

## **8-тарау. Сыйлықтар, қайырымдылық және демеушілік**

49. Сыйлық - қор қызметкері ресми өкілеттіктерді пайдалана отырып алған немесе берген ақшаны, бағалы қағаздарды және өзге де мүлікті, мүліктік (жұмыс, қызмет көрсету, ойын-сауық, демалыс, көлік шығындарын төлеу, кредиттер, жеңілдіктер, мүлікті пайдалануға беру, оның ішінде тұрғын үй, қайырымдылық жарналар, қайырымдылық және т.б.) сипаттағы игіліктерді және қызметтерді қоса алғанда, тұрақты бағасын төлеу міндеттемесі жоқ материалдық немесе материалдық емес нысандағы кез келген құндылық.

50. Қор қызметкерінің отбасы мүшелеріне, жақын туыстарына немесе басқа да жақын тұлғаларына осы Саясаттың мақсаттары үшін осындай қызметкердің Қордағы жұмысына байланысты қандай да бір әрекет (әрекетсіздік) жасауына байланысты берілген сыйлықтар қызметкерге сыйлық ретінде қарастырылады.

*51 тармаққа - «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының 13.09.19 ж. отырысының № 124/2019 хаттамасы шешімімен өзгерістер енгізілді.; - «Даму»*

Құжат: «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты («Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілді, 2019 жылғы 29 наурыздағы отырысының № 45/2019 хаттамасы) (23.02.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

Құжаттың күйі: қолданыста. Күні: 29.03.2019 ж.

*кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының 06.11.20 ж. отырысының № 98/2020 хаттамасы шешімі (ескі ред. қар.) редакциясында жазылған*

51. Егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздіктер) осы тұлғалардың лауазымдық өкілеттіктеріне кірсе немесе бұл тұлғалар өздерінің қызметтік жағдайына байланысты мұндай әрекеттерге (әрекетсіздіктерге) ықпал ете алса Қордың қызметкерлеріне және олардың отбасы мүшелеріне сыйлық берушінің пайдасына іс-әрекет (әрекетсіздік) жасағаны үшін сыйлық беруге тыйым салынады.

*52-тармақ «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының 06.11.20 ж. отырысының № 98/2020 хаттамасы шешімі (ескі ред. қар.) редакциясында жазылған*

52. Осы Саясатпен белгіленген сыйлықтарды қабылдауға тыйым салу қызметкер мен сыйлық беруші арасындағы айқын жеке қатынастарға негізделген қарым-қатынасқа (ата-анадан, балалардан, жұбайлардан сыйлықтар) және Қор қызметкерлері арасында сыйлық (туған күндері, жеке маңызды оқиғалар, жақын туыстарының қайтыс болуына байланысты қайырымдылықтар) алмасудың жалпыға бірдей қабылданған себептерде, сондай-ақ мұндай сыйлық корпоративтік кәдесыйлар болып табылатын жағдайларда: қаламдар, блокноттар, күнделіктер және т.б. қолданылмайды.

*53-тармақ «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының 06.11.20 ж. отырысының № 98/2020 хаттамасы шешімі (ескі ред. қар.) редакциясында жазылған*

53. Кез келген сыйлықтар, егер олар осы Саясаттың 51 және 52-тармақтарында көрсетілген критерийлерге сәйкес келмесе, этикалық тәртіппен сыйлық берушіге қабылданбауы/қайтарылуы тиіс.

54. Сыйлықтың рұқсат етілуіне қатысты күмән немесе сыйлықтармен жұмыс істеу тәртібіне қатысты басқа да сұрақтар туындаған жағдайда қызметкер СЖҚКҚ-тан түсініктеме алуы тиіс.

55. Алынып тасталды - «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының 06.11.20 ж. отырысының № 98/2020 хаттамасы шешіміне сәйкес (ескі ред. қар.)

56. Қор контрагенттердің лауазымды тұлғаларының немесе басқа тұлғалардың Қор қызметіне әсер ететін шешімдер қабылдауына тікелей немесе жанама әсер ету мақсатында немесе мұндай көмек осындай ықпал ету әрекеті ретінде қабылданса, Қор қайырымдылық және демеушілік көмек көрсетпейді.

*Саясат «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының 29.03.2024 №25/2024 отырыс хаттамасымен шешімімен 8-1-тараумен толықтырылды*

### **8-1 тарау. Саяси науқандарға қатысуға тыйым салу**

56-1. Қор саяси қызметті қолдауға, соның ішінде үгіт-насихаттық көмекке бағытталған ешқандай жұмыстарға үлес қоспайды.

56-2. Қор саяси партияларды тікелей төлемдер, қайырымдылық немесе мәмілелер арқылы қаржыландырмайды.

56-3. Қор саяси іс-шараларды және (немесе) науқандарды қаржыландыру немесе қолдау туралы шешім қабылдау мақсатында қызметтік өкілеттіктерді пайдалануға жол бермейді.

56-4. Қордың қызметкерлер мен лауазымды тұлғаларына саяси науқандарға, соның ішінде үгіт-насихат шараларына тартуға тыйым салынады.



Құжат: «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты («Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілді, 2019 жылғы 29 наурыздағы отырысының № 45/2019 хаттамасы) (23.02.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

Құжаттың күіі: қолданыста. Күні: 29.03.2019 ж.

*9-тарау «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының 23.02.24 ж. отырысының № 15/2024 хаттамасы шешімі (ескі ред. қар.) редакциясында жазылған*

## **9-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға ақпарат беру**

57. Қор сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жүргізіліп жатқан жұмыс туралы ақпаратты есепті жылдан кейінгі жылдың 15 сәуіріне дейін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға ұсынады.

58. Ақпаратты СЖҚКҚ дайындайды және мыналарды қамтуы керек:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы жағдай және жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпарат;

2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Қор жоспарларының іске асырылуы немесе орындалмауы (себептері) туралы мәліметтер;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарға және осы саладағы жоспарланған іс-шараларды іске асыруға сыртқы факторлардың әсерін талдау;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы проблемалар мен міндеттердің қаншалықты шешілгені, осы жұмыстың мемлекеттік органның, жергілікті атқарушы органның, квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге, саланың, аймақтың және т.б. әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпалы туралы ақпарат;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қалыптастыру, іске асыру және жетілдіру жөніндегі қорытындылар мен ұсыныстар, қолданыстағы заңнамаға өзгерістер, оның ішінде стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарларын түзету жөніндегі ұсыныстар;

7) қосымшалар (қажет болған жағдайда).

59. Ақпаратқа ақпараттың дұрыстығы мен толықтығын және оның уақтылы ұсынылуын қамтамасыз ететін Қор басқармасының төрағасы (немесе оның уәкілетті тұлғасы) қол қояды.

## **10-тарау. Қорытынды ережелер**

60. Қордың қызметкерлері атқаратын лауазымына қарамастан, алаяқтық әрекеттер мен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қылмыстық, әкімшілік, азаматтық және тәртіптік жауапкершілікте болады.

61. Алаяқтық әрекеттер және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін қылмыстық, әкімшілік немесе тәртіптік шараларға тартылған Қор қызметкерлері Қорға келтірілген материалдық залалды өтеу бойынша жауапкершіліктен босатылмайды.

62. Саясат талаптарының орындалуы үшін жауапкершілік өз құзыреті шегінде Қордың қызметкерлері мен құрылымдық бөлімшелеріне жүктеледі.

*63-тармақ «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының 06.11.20 ж. отырысының № 98/2020 хаттамасы шешімі (ескі ред. қар.) редакциясында жазылған*

63. Қордың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері Саясат қабылданған күннен бастап, ал жаңадан қабылданғандар Қорда қызметтік және еңбек міндеттерін атқара

Құжат: «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты («Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілді, 2019 жылғы 29 наурыздағы отырысының № 45/2019 хаттамасы) (23.02.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

Құжаттың күйі: қолданыста. Күні: 29.03.2019 ж.

бастаған кезден бастап Саясатқа № 4 қосымшада көзделген нысан бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауға келісетінін және/немесе Саясатты зерттегенін, түсінгенін және оны адал орындауға міндеттенетінін растауға міндетті.

64. Осы Саясатта көзделмеген кез келген жағдайлар Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі. Осы Саясат пен Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары арасында қайшылықтар болған жағдайда Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары қолданылуға жатады.

65. Осы Саясат Қор басқармасының шешімімен бекітілген күннен бастап күшіне енеді.

*1-қосымшаға «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының 12.12.23 ж. отырысының № 94/2023 хаттамасы шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді ([ескі ред. қар.](#)).*

#### **№ 1 қосымша**

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Саясатына

### **Саясаттың құқықтық және әдістемелік негізі**

1. Біріккен Ұлттар Ұйымының сыбайлас жемқорлыққа қарсы [конвенциясы](#) (Нью-Йоркте 31.10.2003ж. БҰҰ Бас Ассамблеясының 58-сессиясының 51-пленарлық отырысында 58/4 нұсқауымен қабылданған), ҚР 2008 жылғы 4 мамырдағы № 31-IV Заңымен ратификацияланған).

2. Қазақстан Республикасының 05.07.2014 ж. № 235-V ҚРЗ Әкімшілік құқық бұзушылық туралы [кодексі](#).

3. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ [Еңбек кодексі](#).

4. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ [Қылмыстық кодексі](#).

5. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ [Заңы](#).

6. «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 28 тамыздағы № 191-IV ҚРЗ [Заңы](#).

7. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндаманы дайындау, Қазақстан Республикасының Президентіне енгізу және оны жариялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 154 [Жарлығы](#).

9. «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 16 қарашадағы № 401-V ҚРЗ [Заңы](#).

10. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзгеше түрде жәрдем көрсететін (көрсеткен) тұлғаларды көтермелеу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 29 тамыздағы № 270 бұйрығымен бекітілген [Қағидалары](#).

Құжат: «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты («Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілді, 2019 жылғы 29 наурыздағы отырысының № 45/2019 хаттамасы) (23.02.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

Құжаттың күйі: қолданыста. Күні: 29.03.2019 ж.

11. «Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алудың, сақтаудың, бағалаудың және одан әрі пайдаланудың кейбір мәселелері» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі № 833 [Қаулысы](#).

12. Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2020 жылғы 28 қаңтардағы № 22 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу [қағидалары](#).

13. Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2023 жылғы 29 қыркүйектегі № 307 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу [қағидалары](#).

14. «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 [бұйрығы](#).

15. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бекіткен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеу бойынша [әдістемелік ұсынымдар](#), 2016

16. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметіндегі мүдделер қақтығысының мәселелері бойынша [әдістемелік ұсынымдар](#), 2016

17. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 25 шілдедегі № 28 хаттамасы шешімімен бекітілген «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның Іскерлік этика кодексі.

18. «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы басқармасының 2017 жылғы 27 желтоқсандағы № 53/17 хаттамасымен бекітілген «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның Корпоративтік басқару [кодексі](#).

19. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 24 қыркүйектегі № 10/2018 хаттамасы шешімімен бекітілген «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ комплаенс-тәуекелдерді басқару [саясаты](#).

20. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйелері – қолдану бойынша талаптар мен ұсыныстар» ISO 37001:2016 халықаралық [стандарттары](#).

21. Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықаралық сауда құқығы жөніндегі комиссиясы (ЮНСИТРАЛ) әзірлеген, «Коммерциялық алаяқтықты тану және алдын алу» [құжаты](#), 2013 ж.

22. Біріккен Ұлттар Ұйымының Есірткі және қылмыс жөніндегі басқармасы дайындаған, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы этика және іскерлік кәсіпорындар үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптардың сақталуын қамтамасыз ету [бағдарламасы](#)», 2013 ж.

23. Ұлыбритания парламенті мен патшайым Елизавета II 08.04.2010 жылы мақұлдаған және 01.07.2011 бастап күшіне енген «Парақорлықпен күрес» [заңы](#) (UK Bribery Act 2010).

24. «Сыртқы экономикалық қызметтегі сыбайлас жемқорлықпен күресу туралы» АҚШ [заңы](#) FCPA (Foreign Corrupt Practices Act 1977).

## № 2 қосымша

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас

Құжат: «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты («Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілді, 2019 жылғы 29 наурыздағы отырысының № 45/2019 хаттамасы) (23.02.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

Құжаттың күйі: қолданыста. Күні: 29.03.2019 ж.

жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Саясатына

### **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпе**

1. Шарттың тараптарының, олардың аффилирленген (өзара байланысты), қызметкерлері мен делдалдарының шарт бойынша олардың әрекеттері мен шешімдеріне әсер ету немесе оны орындауға байланысты басқа да заңсыз артықшылықтар алу мақсатында басқа тараптың қызметкерлеріне және өкілдеріне ақшалай қаражатты және басқа құндылықтарды тікелей немесе жанама түрде ұсынуға және төлеуге құқығы жоқ.

2. Шартты орындау үшін пара беру/алу, коммерциялық пара алу, қызмет бабын асыра пайдалану, сондай-ақ Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын бұзатын әрекеттерді жасауға шарт тараптары арасындағы қатынастарда да, үшінші тұлғалармен және мемлекеттік органдармен қарым-қатынаста да жол берілмейді.

3. Егер шарт тарапында осы талаптардың бұзылуы мүмкін деп сенуге нақты негіздер болса, ол жағдай реттелмейінше шарттық міндеттемелердің орындалуын тоқтата тұру туралы мәселе қойылғанға дейін бұл туралы екінші тарапты жазбаша хабардар етуге міндетті.

4. Шарт бойынша алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық тәуекелі анықталған жағдайда, тиісті тарап хабарламаны алғаннан кейін 10 күн ішінде тиісті дәлелдемелерді қоса бере отырып, екінші тарапты осы тәуекелдерді жою бойынша қабылданған шаралар туралы хабардар етуге міндетті.

5. Егер шартты орындауға байланысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық анықталса, жәбірленуші тарап шартты толық немесе тиісті бөлігінде орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы, бұл екінші тарап бұл туралы хабарлама алған сәттен бастап оның автоматты түрде толық немесе ішінара тоқтатылуына әкеп соғады.

Сондай-ақ жәбірленуші тарап екінші тараптың кінәсінен шартты біржақты бұзу салдарынан өзіне келтірілген барлық залалдарды (нақты залал мен жоғалған пайда) толық өтеуді талап етуге құқылы.

*3-қосымшаға «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының 23.02.24 ж. отырысының № 15/2024 хаттамасы шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (ескі ред. қар.).*

**№ 3 қосымша**

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның  
корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас  
жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Саясатына

**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының сыбайлас  
жемқорлыққа қарсы стандарттары**

**Алматы 2019**

1. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қор) қызметкерлеріне арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді.

Құжат: «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты («Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілді, 2019 жылғы 29 наурыздағы отырысының № 45/2019 хаттамасы) (23.02.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

Құжаттың күйі: қолданыста. Күні: 29.03.2019 ж.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар Қор қызметкерлерінің (бұдан әрі - Қызметкерлер) өздерінің қызметтік міндеттерін атқару кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы құндылықтар мен моральдық әдістемелік нұсқаулар жүйесін құру арқылы Қорда сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзімсіздік атмосферасына қол жеткізуге бағытталған.

3. Қоғамдық қатынастар саласының атауы: қаржы.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың қағидалары:

1) заңдылық;

2) ашықтық;

3) этика;

4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін құрметтеу және оларды сыбайлас жемқорлықтан қорғау;

5) мүдделер қақтығысын болдырмау.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар Қордың интернет-ресурсында және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға жатады.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар Қор қызметкерлерінің келесі мінез-құлық стандарттарын айқындайды:

1) заңдылық қағидатын, Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын басшылыққа алуға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы мүлтіксіз сақтау;

2) жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін сақтауды және қорғауды қамтамасыз ету;

3) Қордың беделін түсіретін әрекеттерге жол бермеу;

4) тікелей немесе тура басшыға мүдделер қақтығысының, қызметтік міндеттерін атқаруға жеке мүдденің, сыбайлас жемқорлық мінез-құлыққа бейімділігінің және сыйлық алудың туындауы туралы хабарлау;

5) қызметтік міндеттерін атқару кезінде жеке және (немесе) пайдакүнемдік мүдделерді басшылыққа алмау;

6) әріптестерге және басшыларға олардың бейтарап ресми шешім қабылдауына әсер етуі мүмкін қарым-қатынастардың белгіленген тәртібін бұзатын заңсыз өтініштер жасаудан аулақ болу;

7) басқа қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермеуге және мұндай әрекеттерге ынталандырмау;

8) қызметтік міндеттерін орындауға байланысты сыйлықтарды қабылдамау;

9) мүліктік және таратуға жатпайтын өзге де ақпаратты мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе иелену мақсатында пайдаланбау;

10) егер ол жақын туыстық және отбасылық қатынастардағы тұлғаларға (ата-аналарға, жұбайларға, аға-інілерге, апа-сіңлілерге, балаларына, жекжаттарына (ағалары, апа-сіңлілері, ата-аналары және жұбайының балалары) тікелей бағынумен немесе бақылаумен байланысты болса, лауазымға тағайындаудан бас тарту;

11) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенді болу;

12) сыбайлас жемқорлықтың белгілі фактілері туралы, оның ішінде материалдарды немесе қағазбастылық фактілерін жедел қарау үшін қандай да бір жеңілдіктер алуға итермелеу туралы дереу басшылыққа хабарлау;

13) орындауға қабылданған өкімнің заңдылығына күмән тудыратыны туралы тікелей немесе тура басшыға дереу жазбаша хабарлау;

Құжат: «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты («Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілді, 2019 жылғы 29 наурыздағы отырысының № 45/2019 хаттамасы) (23.02.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

Құжаттың күйі: қолданыста. Күні: 29.03.2019 ж.

14) егер тікелей басшының өзі мүдделер қақтығысына қатысты болса, жоғары тұрған басшылыққа хабарласу;

15) әріптестерінен сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары құқықтық мәдениеттің сақталуын қолдау және талап ету;

16) ықтимал мүдделер қақтығысының, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың себептері мен шарттарын және олардың зардаптарын жою бойынша шараларды ұдайы жүзеге асыру;

17) кіріс алуға байланысты кәсіпкерлік және (немесе) өзге де қызметті жүзеге асыруда кез келген тұлғаға көмек көрсетуден аулақ болу;

18) үшінші тұлғалардың мүдделерін білдіруден немесе лоббирлеуден, сондай-ақ олардың атынан іс-әрекеттер жасаудан аулақ болу;

19) материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық қамтамасыз ету құралдарын, сондай-ақ өзге де мемлекеттік мүлікті және қызметтік ақпаратты қызметтік емес мақсаттарда пайдаланбау.

20) Қауіпсіздік департаментіне және СЖҚКК-ке кәсіпкерлік қызметке ниеті немесе нақты қатысуы туралы хабарлау.

7. Барлық деңгейдегі басшылар бағыныштылармен қарым-қатынаста:

1) кадрларды туыстық, қауымдық және жеке адалдық белгілері бойынша іріктеу және орналастыру жағдайларына жол бермеуге, меритократия қағидаларының сақталуын қамтамасыз ету;

2) бағынысты қызметкерлердің міндеттері мен лауазымдық өкілеттіктерінің көлемін дәл анықтау;

3) бағынысты қызметкерлер арасында жұмыс жүктемесінің біркелкі бөлінбеуіне жол бермеу;

4) бағынысты қызметкерлердің қызметін бағалау, сондай-ақ көтермелеу мен жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілік көрсету;

5) бағыныштыларға анық орындалмайтын немесе олардың қызметтік міндеттерінің шегінен тыс, сондай-ақ заңға қайшы келетін бұйрықтар бермеу;

6) қызметтік емес мәселелерді шешу кезінде бағыныштылардың қызметіне ықпал ету үшін қызмет бабын пайдаланбау;

7) қарамағындағы қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мәжбүрлемеу;

8) қарамағындағылардың және басқа да қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзуына жол бермеуге және жолын кесу;

9) өзінің қызметтік міндеттерін атқару кезінде бағынысты қызметкермен туындайтын мүдделер қақтығысын шешу бойынша кешенді шараларды уақтылы қабылдау;

10) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша кешенді шараларды қабылдау;

11) қарамағындағылардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою;

12) бағынысты тұлғаларды қызметтік емес немесе жеке тапсырмаларды орындауға тартуға жол бермеу;

13) бағынышты қызметкерлерге мінсіз мінез-құлқымен үлгі көрсету.

8. Барлық деңгейдегі басшылар осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Стандарттардың сақталуын қамтамасыз етеді және оларға бағынысты қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмысты ұйымдастырады.

Құжат: «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты («Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілді, 2019 жылғы 29 наурыздағы отырысының № 45/2019 хаттамасы) (23.02.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

Құжаттың күіі: қолданыста. Күні: 29.03.2019 ж.

*4-қосымшаға «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының 06.11.20 ж. отырысының № 98/2020 хаттамасы шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (ескі ред. қар.).*

#### № 4 қосымша

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Саясатына

### Қор қызметкерлері үшін растау

Осы нысанды «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын мұқият зерделеп, түсініп, оны адал орындауға міндеттенгеніңізді растау үшін пайдаланыңыз (бұдан әрі – Саясат) және/немесе «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» 18.11.2015 жылғы № 410-V Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң).

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қор) қызметкерлері осы толтырылған және қол қойылған нысанды Саясат қабылданған күннен бастап, ал жаңадан қабылданған қызметкерлер Қорда еңбек және (немесе) қызметтік міндеттерін атқара бастаған кезден бастап персоналды дамыту бөліміне жіберуге міндетті.

Осы нысанды толтырып, қол қойып, оны қағаз түрінде персоналды дамыту бөліміне беріңіз	Сіз Қордағы еңбек міндеттерін атқара бастаған сәттен бастап Саясатты мұқият зерделеуге, түсінуге және оны адал орындауға міндеттісіз.	
	Сіздің растауыңыз (Сәйкес ұяшықтарды белгілеңіз)	
	<input type="checkbox"/>	Мен Саясатты оқып, түсінгенімді растаймын.
	<input type="checkbox"/>	Мен Саясатты адал ұстануға келісемін.
	<input type="checkbox"/>	Осы жерге қолыңызды қойыңыз
	<input type="checkbox"/>	Т.А.Ә.
<input type="checkbox"/>	Қолы	Күні

### Қор қызметкерлерін (лауазымды тұлғаларын) растау

Осы нысанды «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауға келіскеніңізді (бұдан әрі – Саясат) және/немесе «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» 18.11.2015 жылғы № 410-V Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) және Саясатты және/немесе Заңды мұқият зерделеп, түсінгеніңізді және бұлжытпай орындауға міндеттенгеніңізді растау үшін пайдаланыңыз.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қор) қызметкерлері осы толтырылған және қол қойылған нысанды Саясат қабылданған күннен бастап, ал жаңадан қабылданған қызметкерлер Қорда еңбек және (немесе) қызметтік міндеттерін атқара бастаған кезден бастап персоналды дамыту бөліміне жіберуге міндетті.

Құжат: «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты («Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілді, 2019 жылғы 29 наурыздағы отырысының № 45/2019 хаттамасы) (23.02.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

Құжаттың күйі: қолданыста. Күні: 29.03.2019 ж.

Осы нысанды толтырып, қол қойып, оны қағаз түрінде персоналды дамыту бөлімшесіне беріңіз	Қордағы еңбек міндеттерін атқара бастаған сәттен бастап мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдаймын және Саясатты мұқият зерделеуге, түсінуге және оны адал ұстануға міндеттенемін.	
	Сіздің растауыңыз	
	(Сәйкес ұяшықтарды белгілеңіз)	
	<input type="checkbox"/>	Мен өзіме Саясат пен Заңда көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдаймын.
	<input type="checkbox"/>	Мен Саясатты оқып, түсінгенімді растаймын.
	<input type="checkbox"/>	Мен Саясатты адал ұстануға келісемін.
	<input type="checkbox"/>	Осы жерге қолыңызды қойыңыз
	<input type="checkbox"/>	Т.А.Ә.
<input type="checkbox"/>	Қолы	Күні

*Саясат 5-қосымшамен толықтырылды - «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының 13.09.19 ж. отырысының № 124/2019 хаттамасы шешіміне сәйкес; «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының 23.02.24 ж. отырысының № 15/2024 хаттамасы шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (ескі ред. қар.).*

#### № 5 қосымша

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Саясатына

### «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ қызметкерлерін корпоративтік алаяқтықпен және сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселелері бойынша оқыту бағдарламасы

#### 1. Жалпы ережелер

1.1. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қор) корпоративтік алаяқтыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметкерлерін дайындау және оқыту бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қор қызметкерлерінің алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу саласындағы құзыреттерін дамыту мақсатында әзірленген.

1.2. Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы оқыту Қордың барлық қызметкерлері (аутстаффинг қызметкерлерін қоса алғанда) үшін міндетті және білім алушылардың іс-әрекетінің ерекшеліктерін ескере отырып, СЖҚҚҚ немесе білім беру ұйымымен жүзеге асырылады.

1.3. Қор қызметкерлерін дайындау және оқыту келесі курстар түрінде жүзеге асырылады:

1) **кіріспе курс** – Қор қызметкерлерін «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатымен (бұдан әрі – Саясат) таныстыру;

2) **негізгі курс** – Қор қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының нормаларын және Саясат талаптарын сақтау, ішкі бақылау жүйелерінің, бағдарламаларының (жоспарлары) және корпоративтік алаяқтық пен



Құжат: «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты («Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілді, 2019 жылғы 29 наурыздағы отырысының № 45/2019 хаттамасы) (23.02.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

Құжаттың күйі: қолданыста. Күні: 29.03.2019 ж.

сыбайлас жемқорлықтың алдын алу саласындағы Қордың басқа да ішкі құжаттары тиімділігін арттыру және қолдау үшін қажетті білім алуға;

3) **білім деңгейін арттыру курсы** – корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға жауапты Қор қызметкерлерінің (СЖҚКҚ, Қауіпсіздік департаменті, Ішкі аудит департаменті және тәуекелдерді басқару бөлімінің ішкі бақылау жүйесіне жауапты қызметкері).

## **2. Қор қызметкерлерін дайындау және оқыту тәртібі**

2.1. Қордың қызметкерлері жұмысқа қабылданған күннен бастап екі ай ішінде жұмысқа қабылдау курсынан өтеді. Кадрлар бөлімі екі айда бір рет кіріспе курстан өтетін қызметкерлердің тізімін жасайды және СЖҚКҚ келісімі бойынша курстың күнін белгілейді.

2.2. Қордың барлық қызметкерлері жыл сайын Қордың корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес сыртқы тренерді тарта отырып, жыл сайын базалық оқытудан өтеді.

2.3. Кіріспе және негізгі курстарды аяқтағаннан кейін Қор қызметкерлері тестілеуден өтеді. Қызметкерлерді тестілеу нәтижелері кадр мәселелерін шешу кезінде ескерілуі мүмкін (сынақ мерзімінен кейін жұмысқа қабылдау, Қордағы басқа қызметке ауыстыру, сыйлықақылар беру және т.б.).

2.4. Білім деңгейін арттыру курсы корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жұмыстарды жүргізуге жауапты Қор қызметкерлері үшін сыртқы семинарларға, тренингтерге және басқа да оқыту іс-шараларына қатысу түрінде жүзеге асырылады.

2.5. Персоналмен жұмыс бөлімшесі білім алушылардың есебін жүргізеді және Қордың барлық қызметкерлерінің курстарды уақтылы аяқтауын қамтамасыз етеді.